

Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін орта мектебінің 2023 – 2024 оқу жылындағы класс жетекшілер бірлестігінің жылдық жұмыс жоспарына талдама

Мақсаты:

Мектепшілік тәрбие үрдісін басқару жүйесінің бөліну құрылымы, белгілі жас тобында тәрбиеленіп және оқып жатқан оқушы бойынша класс жетекшілердің жұмыстарын ұйымдастыру және ғылыми- әдістемелік үйлестіру.

Міндеттері:

1. Класс жетекшілердің тәрбие жұмысына байланысты педагогикалық және психологиялық сұрақтары бойынша ғылыми-әдістемелік, теориялық білімін көрсету дайындығының деңгейі.
2. Класс жеткшілердің қазіргі үлгідегі тәрбиелеу, білім алу технологиялары мен жаңаша әдіс- тәсілдерімен қарулануы.
3. Класс жеткшілерінің тәрбиелік іс-әрекетін ұйымдастыру және олардың өзара әрекетін ұйымдастыру.

Класс жетекшілердің тәрбие жұмысының жүйесі құрылып, класс жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің 2023 – 2024 оқу жылының талдауы, жаңа оқу жылының жоспарымен таныстыру болды.

Тілдер күніне орай «Тілдер күні» айлығы ұйымдастырылды. Сыныптарды сынып сағаттары өтті. Іс-шараның мақсаты: оқушыларға өзге тілдің бәрін біліп, өз тілін құрметтеуге үйрету.


«Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында оқушыларға баяндама оқылды. Оқушылардың мектеп ережесі мен сабаққа қатысымдары қолға алынды. Күзгі каникулдың өту барысы және мектептен тыс демалыс уақытын тиімді пайдалану жолдары ұсынылды. Бұл жұмысты кітапханамен байланыс жасау арқылы жүзеге асты. Кітапханашы оқушылармен «Каникулда біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» атты іс-шарамен оқушыларды демалыс уақыттарында да кітап оқып жіне одан түсінгенін видео арқылы жіберіп, челледж ұйымдастырды.

«Адамгершілік-асыл қасиет» тақырыбында оқушыларға баяндама оқылды. Әр сынып жетекші өз сыныбымен 1 жартыжылдыққа талдау жасады. Ситуациялық жағдайларды шешу жолдары қарастырылды. Класс жетекшілер оқушылармен сынып сағаттарын өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Оқушылардан түсіндірме жұмыстары және сауалнама алынды.

Жыл соңында әр сынып жетекші өз сыныбының тәрбие жұмысының талдауы, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттерін ортаға салды.

«ЖАЗ – 2024» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастыру шаралары жүргізілді. 2023 – 2024 оқу жылы қорытындыланып, келер оқу жылының мақсат, міндеттері талданды.

Бірлестік жетекшісі:  А.А.Қасымова